

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі
арасындағы өтеусіз әскери-техникалық көмек көрсету туралы келісімге қол қою туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 23 маусымдағы № 466 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы өтеусіз әскери-техникалық көмек көрсету туралы келісімнің жобасы мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі Иманғали Нұрғалиұлы Тасмағамбетовке Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы өтеусіз әскери-техникалық көмек көрсету туралы келісімге қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан

Республикасының

Премьер-Министри

К.Мәсімов

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2015

жылғы

23

маусымдағы

№

466

қаулысымен

мақұлданған

Жоба

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі
арасындағы өтеусіз әскери-техникалық көмек көрсету туралы келісім**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі,

өзара достық қарым-қатынастарды одан әрі дамытуға және әскери саладағы ынтымақтастыққа үмтүла отырып,

1997 жылғы 8 сәуірдегі Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасы арасындағы Әскери саладағы ынтымақтастық туралы шартты басшылыққа ала отырып,

Орталық Азия өніріндегі қауіпсіздікті нығайту қажеттілігіне сүйене отырып, Қырғыз Республикасының Қарулы Күштерін дамытуда жәрдем көрсету мақсатында

өтеусіз әскери-техникалық көмек көрсету үшін құқықтық база құруға ниет білдіре
о т ы р ы п ,
төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Қазақстан тарапы Қырғыз тарапына осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын Қосымшада көрсетілген әскери мүлікті беру түрінде өтеусіз әскери-техникалық көмек көрсетеді.

2-бап

Осы Келісімді іске асыру бойынша уәкілетті органдар:
Қазақстан тарапынан – Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі;
Қырғыз тарапынан – Қырғыз Республикасының Қорғаныс министрлігі болып та б ы л а д ы .

Уәкілетті органдардың атауы немесе функциялары өзгерген кезде Тараптар бір-бірін дипломатиялық арналар арқылы дереу хабардар етеді.

3-бап

Қазақстан тарапы әскери мүлікті Қазақстан Республикасының аумағынан Қырғыз Республикасының аумағына (Қой-Таш елді мекені) дейін автомобиль көлігімен жеткізуді қамтамасыз етеді, онда Тараптардың уәкілетті органдары тағайындаған өкілдер актіні ресімдей отырып, әскери мүлікті қабылдау-беруді жүргізеді. Қой-Таш елді мекеніне дейінгі көлік шығыстарын Қазақстан тарапы төлейді.

Қазақстан Республикасында берілетін мүлікті кедендік тазарту және декларациялау Кеден одағының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қырғыз тарапы өз мемлекетінің аумағында кедендік рәсімдерді ресімдеу шығыстарын өзі көтереді және оған жауапты болады.

4-бап

Тараптар мемлекеттерінің мемлекеттік шекараларын кесіп өткенге дейін 30 тәуліктен кешіктірілмейтін мерзімде Қазақстан тарапының уәкілетті органы Қырғыз тарапының уәкілетті органына әскери мүлікті жеткізуді жүзеге асыратын жеке құрамның атаулы тізімін береді.

Атаулы тізім мынадай мәліметтерден тұрады: тегі мен аты-жөні, туған күні, әскери атағы, лауазымы, жеке басын куәландыратын құжаттың атауы, сериясы мен нөмірі. Атаулы тізімді Қазақстан тарапының уәкілетті органы бекітеді.

Қазақстан тарапының әскери қызметшілері Қазақстан Республикасы Қарулы

Күштерінің әскери киімінде Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландаудын құжаттарын көрсете отырып, атаулы тізімге сәйкес Тараптар мемлекеттерінің мемлекеттік шекараларын кесіп өтеді.

5-бап

Қырғыз тарапы осы Келісім шенберінде Қазақстан тарапынан алған әскери мүлікті немесе оны пайдалану құқығын үшінші тарапқа бермейді.

6-бап

Тараптардың келісімі бойынша осы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын тиісті х а т т а м а м е н р е с і м д е л е д і .

Осы Келісімді іске асыру кезінде туындастын кез келген келіспеушіліктер мен даулады Тараптар келіссөздер және консультациялар арқылы шешетін болады.

7-бап

Осы Келісім Қырғыз тарапының дипломатиялық арналар арқылы Қазақстан тарапының оның құшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы жазбаша хабарламасын алған күннен бастап құшіне енеді.

Осы Келісім Қырғыз тарапына осы Келісімге сәйкес берілетін әскери мүлік толық берілген кезден бастап өз қолданысын тоқтатады, бұны Тараптар дипломатиялық арналар а р қ ы л ы р а с т а й д ы .

Осы Келісімнің қолданысы тоқтатылған кезде Қырғыз тарапының осы Келісімнің 5-бабында көзделген міндеттемелері күшінде қалады.

201 __ жылғы «__» _____ қаласында әрқайсысы қазақ, қырғыз және орыс тілдерінде екі данада жасалды әрі барлық мәтіндердің құші бірдей.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

Қазақстан Республикасының Үкіметі үшін Қазақстан Қырғыз арасындағы көмек қосымша	Республикасының Үкіметі үшін Республикасының Республикасының әтеусіз туралы	Қырғыз Республикасының Үкіметі әскери-техникалық келісімге
--	---	---

Берілетін әскери мүліктің тізбесі

P/c №	Мүліктін атаяуы	Олшем бірлігі	Саны
1	2	3	4
Зымыран-артиллеријалық қару-жарак қызметі бойынша			
1.	5,45 мм ПС патроны	дана	3000000
2.	7,62 мм ЛПС винтовка патроны	дана	2000000
РХБ қорғау қызметі бойынша			
3.	РДГ-2 Б тұтіндектіш қол гранатасы	дана	1000
4.	РДГ-2 Ч тұтіндектіш қол гранатасы	дана	1000
5.	ДМ-11 тұтіндектіш құты	дана	2000
6.	СХТ-40 химиялық дабыл сигналы	дана	80
С-75М3 33К-ге қосалқы бөлшектер мен жиынтықтаушы бұйымдар			
7.	Тар аялы сәуле сканері (бұрыш және азимут бойынша)	жиынтық	1
8.	ЖДА тетігі	жиынтық	1
9.	П-327 бақылау осциллографы	жиынтық	1
10.	Электрлі магнитті күшейткіш	жиынтық	1
11.	МИ-42 электр қозғалтқышы	жиынтық	6
12.	ИМБ-4 борт имитаторы	жиынтық	6
13.	Жебе сынасы тетігі	жиынтық	6
14.	АТП-2М түрлендіргіші	жиынтық	6
15.	А-2Т түрлендіргіші	жиынтық	6
16.	Автоматика блогы	жиынтық	4
17.	К-370АВ блогы	жиынтық	1
18.	К-370БВ блогы	жиынтық	1
19.	К-71 блогы	жиынтық	1
20.	К-72 блогы	жиынтық	1
21.	К-73 блогы	жиынтық	1
22.	К-74 блогы	жиынтық	1
23.	К-75 блогы	жиынтық	1
24.	К-76 блогы	жиынтық	1
25.	К-81 блогы	жиынтық	1
26.	К-82 блогы	жиынтық	1
27.	К-83 блогы	жиынтық	1
28.	К-84 блогы	жиынтық	1
29.	К-85 блогы	жиынтық	1
30.	К-56 блогы	жиынтық	1
31.	И-66В блогы	жиынтық	1
32.	И-64 блогы	жиынтық	1
33.	И-32 блогы	жиынтық	1
34.	И-91 блогы	жиынтық	1
35.	И-130 блогы	жиынтық	1

36.	И-55 блогы	жиынтық	1
37.	И-31 блогы	жиынтық	1
38.	И-61 блогы	жиынтық	1
39.	И-355 блогы	жиынтық	1
40.	И-65 блогы	жиынтық	1
41.	И-63 блогы	жиынтық	1

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК